




БИБЛИОГРАФИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА



АКАДЕМИЯ НАУК
КАЗАХСКОЙ ССР

**Шамшиябану
Канышевна
САТПАЕВА**



Самуэла



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар

ШӘМШИЯБАНУ
ҚАНЫШҚЫЗЫ
СӘТБАЕВА

АЛМАТЫ

«ҒЫЛЫМ»

1991

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана

ШАМШИЯБАНУ
КАНЫШЕВНА
САТПАЕВА

АЛМА-АТА

«Гылым»

1991

Б а с р е д а к т о р
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі
Ж. М. Әбділдин

Жауапты редактор
Қазақ ССР Ғылым академиясының
академигі М. Қ. Қаратаев

Құрастырушылар:
филология ғылымдарының кандидаты *Б. Б. Мамыраев,*
Р. О. Батырбекова, М. Д. Бүтінбаева



Главный редактор
академик Академии наук Казахской ССР
Ж. М. Абдильдин

Ответственный редактор
академик Академии наук Казахской ССР
М. К. Каратаев

Составители:
кандидат филологических наук *Б. Б. Мамраев,*
Р. О. Батырбекова, М. Д. Бутумбаева

ISBN 5—628—01064—2

© Мамраев Б. Б.,
Батырбекова Р. О.,
Бутумбаева М. Д. —
составители, 1991

ОҚЫРМАНДАР ЕСІНЕ

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы 1-ші дәрежелі сыйлығының лауреаты Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваға арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілді.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде алфавит ретімен: алдымен қазақша, одан кейін орыс, одан әрі басқа тілдерде жарияланған еңбектері беріліп отыр.

Еңбектердің алфавиттік көрсеткіші мен бірлесіп жазған авторлар көрсеткіштерінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі жұмыстардың рет санында берілген.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель — продолжение серии библиографий ученых Казахстана — посвящен члену-корреспонденту Академии наук Казахской ССР, доктору филологических наук, профессору, лауреату премии им. Ч. Ч. Валиханова I степени АН Казахской ССР Шамшиябану Канышевне Сатпаевой.

Библиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, ее публикации и литературу о ней.

Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем — на русском.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ Ш. Қ. СӘТБАЕВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева 1930 жылы 25 шілдеде Қазақ ССР-інің Павлодар облысындағы Баянауыл ауданының «Теңдік» (қазіргі Сәтбаев атындағы) совхозында дүниеге келді.

1946—1950 жж. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының филология факультетінің студенті.

1951—1954 жж. М. В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің аспиранты.

1952—1953 жж. Аспирантурада оқып жүрген кезінде университеттің филология факультеті жанындағы жаңа ашылған СССР халықтарының әдебиеті кафедрасының жұмысына атсалысып, еліміздің жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне арналған «Орта Азия және Қазақстан халықтары әдебиеті» оқулығының тиісті бөлімін дайындауға қатысты.

1954 ж. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақ көркем прозасындағы индустрияландыру тақырыбы» деген тақырыпта диссертация қорғады.

1954—1965 жж. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының орыс және шетел әдебиеттері кафедрасында аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды.

1957 ж. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институты Ғылыми дәреже беру жөніндегі біріккен советінің мүшесі.

1962 ж. Орыс және шетел әдебиеттері кафедрасының доценті ғылыми атағы берілді.

1965—1986 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әдебиеттер байланысы бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

1967 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ғылыми советінің мүшесі.

1971 ж. «XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ-Европа әдеби байланыстары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1972 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми дәрежелер беру жөніндегі мамандандырылған советінің мүшесі.

—Ташкентте «СССР-да социализм орнатудың проблемалары және олардың халықаралық маңызы» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның жұмысына қатысты.

1974 ж. «А. С. Пушкин және СССР халықтары әдебиеттері» Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференциясында «А. С. Пушкин және XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген тақырыпта баяндама жасады (Тбилиси).

1975 ж. «Әлем әйелдерінің жылына» сәйкес өткізілген Бүкілодақтық конференциясында «Қазақстан әйелдері ғылым мен өнерде» деген тақырыпта баяндама жасады (Ташкент).

1976 ж. II Бүкілодақтық тюркологиялық конференцияға қатысты, «Шығыс тақырыбы қазақ прозасында» тақырыбына баяндама жасады (Алматы).

— Абай атындағы Мемлекеттік педагогика институтының әдебиет бойынша кандидаттық диссертациялар қорғау үшін мамандандырылған Ғылыми Совет төрағасының орынбасары.

1977 ж. СОКП мүшелігіне алынды.
— «Көпұлтты совет әдебиетінің творчестволық ізденістері» проблемасы бойынша Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияда 20—30 жылдардағы қазақ совет поэзиясының дамуы» деген тақырыпта баяндама жасады (Алматы).

1979 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

1980 ж. III-ші Бүкілодақтық тюркологиялық конференцияға қатысып «Қазақ әдебиетінің шығыстық байланыстары» тақырыбында баяндама жасады (Ташкент).

— Алматы қаласы Фрунзе аудандық партия комитетінің Ғылым бойынша Советінің мүшесі.

— Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

— Қазақ ССР халық-ағарту ісінің озаты атағы берілді.
1984 ж. Бейбітшілік сақтау жөніндегі республикалық комитетінің мүшесі.

1985 ж. Ш. Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына сәйкес Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияда

«Ш. Ш. Уәлиханов және қазақ мәдениеті» деген тақырыпта баяндама жасады (Ташкент).

— Ш. Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай өткен Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияда «Ш. Ш. Уәлиханов және орыс әдебиеті» деген тақырыпқа баяндама жасады (Алматы).

1986 ж. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл және әдебиет сериясы» журналының редколлегия мүшесі.

1987 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы Әдебиет тарихы бөлімінің меңгерушісі.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов әдеби мұрасын зерттеу комиссиясының мүшесі.

— Ұлы Октябрь және Советтік Шығыс халықтарының әдебиеттері бойынша Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияда «Қазақ совет әдебиетінің ұлттық және интернационалдық сипаттары» атты тақырыпқа баяндама жасады (Ташкент).

1988 ж. «СССР халықтарының әдебиеті» мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы бекітілді.

— V Бүкілодақтық тюркологиялық конференцияда «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің проблемалары» деген тақырыпта баяндама жасады (Фрунзе).

1989 ж. «Ұлттық тілдер және әдебиеттер дамуы мен алмасуларының заңдылықтары» бойынша Бүкілодақтық ғылыми-практикалық конференцияда «Шәкәрім творчествосының шығыстық классикамен және орыс әдебиетімен байланысы» деген тақырыпта баяндама жасады (Қазан қаласы).

— Қазақ әдебиетінің проблемалары бойынша ғылыми-теориялық конференцияда «XX ғасырдағы қазақ әдебиетін зерттеу проблемалары» тақырыбына баяндама жасады (Алматы).

1990 ж. «Шоқан Уәлиханов — филолог», «Чокан Валиханов и русская литература» монографиялары үшін Қазақ ССР Ғылым академиясы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлыққа ие болды.

— Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени байланыстар: «Ясауи әлемі» халықаралық дөңгелек стол мәжілістерінде «Ясауидің «Дивани хикметін» зерттеу проблемалары» деген тақырыпта баяндама жасады (Түркістан).

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЧЛЕНА-КОРРЕСПОНДЕНТА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР Ш. К. САТПАЕВОЙ

Шамшиябану Канышевна Сатпаева родилась 25 июля 1930 г. в совхозе «Тендик» (с 1964 г. — совхоз им. К. И. Сатпаева) Баянаульского района Павлодарской области Казахской ССР.

1946—1950 гг. Студентка филологического факультета Казахского государственного педагогического института им. Абая.

1951—1954 гг. Аспирантка Московского государственного университета им. М. В. Ломоносова.

1952—1953 гг. Участие в подготовке раздела учебника «Литература народов Средней Азии и Казахстана» для студентов филологических факультетов вузов страны (издан в Москве в 1961 г.).

1954 г. Защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата филологических наук на тему «Тема индустриализации в казахской художественной прозе».

1954—1965 гг. Старший преподаватель, доцент кафедры русской и зарубежной литературы Казахского государственного педагогического института им. Абая.

Член ученого совета по присуждению научных степеней и званий КазПИ им. Абая.

1962 г. Присвоено ученое звание доцента по кафедре русской и зарубежной литературы.

1965—1986 гг. Старший научный сотрудник отдела взаимосвязей литератур Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова АН КазССР.

1967 г. Член Ученого совета Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова АН КазССР.

1971 г. Защита диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук на тему «Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX в.».

1972 г. Член специализированного Ученого совета Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова по присуждению ученых степеней.

Участник международной конференции по проблемам строительства социализма в СССР (г. Ташкент).

1974 г. Участник Всесоюзной научно-теоретической конференции «А. С. Пушкин и литература народов СССР», где выступила с докладом на тему «А. С. Пушкин и казахская литература XIX века» (г. Тбилиси).

1975 г. Участие во Всесоюзной конференции по проблеме «Национальный аспект решения женского вопроса в СССР», где выступила с докладом на тему «Женщины Казахстана в науке и искусстве» (г. Ташкент).

1976 г. Участие в работе II Всесоюзной тюркологической конференции с докладом «Тема Востока в казахской прозе» (г. Алма-Ата).

Заместитель председателя специализированного Ученого Совета по защите кандидатских диссертаций при Казахском государственном педагогическом институте им. Абая.

1977 г. Принята в ряды КПСС.

Участник Всесоюзной научно-теоретической конференции «Художественные искания многонациональной советской литературы», где выступила с докладом «Развитие казахской советской поэзии 20—30-х годов» (г. Алма-Ата).

1979 г. Избрана членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР.

1980 г. Участие в работе III Всесоюзной тюркологической конференции с докладом «Изучение восточных связей казахской литературы» (г. Ташкент).

Член Совета по науке при Фрунзенском райкоме КП Казахстана.

1980 г. Награждена Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР за заслуги в развитии филологической науки и подготовке научно-педагогических кадров.

Присуждено звание «Отличник народного просвещения Казахской ССР».

1984 г. Член Республиканского совета защиты мира.

1985 г. Участие во Всесоюзной научно-теоретической конференции, посвященной 150-летию со дня рождения Ч. Ч. Валиханова, где выступила с докладом на тему «Ч. Ч. Валиханов и культура казахского народа» (г. Ташкент).

Участник Всесоюзной научно-теоретической конференции, посвященной 150-летию со дня рождения Ч. Ч. Валиханова,

где выступила с докладом на тему «Ч. Ч. Валиханов и русская литература» (г. Алма-Ата).

1986 г. Член редколлегии журнала «Известия АН КазССР. Серия филологическая».

1987 г. Заведующая отделом истории литературы Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Казахской ССР.

Член комиссии ЦК КП Казахстана по изучению литературного наследия Ш. Кудайбердиева, М. Жумабаева, А. Байтурсынова, Ж. Аймауытова, М. Дулатова.

Участник Всесоюзной научно-теоретической конференции «Октябрь и литературы народов Советского Востока», где выступила с докладом на тему «Национальное и интернациональное в казахской советской литературе» (г. Ташкент).

1988 г. Присвоено звание профессора по специальности «Литература народов СССР».

Участник V Всесоюзной тюркологической конференции, где выступила с докладом на тему «Некоторые проблемы научного изучения казахской литературы» (г. Фрунзе).

1989 г. Участие в работе Всесоюзной научно-практической конференции «Закономерности развития и взаимодействия национальных языков и литератур», где выступила с докладом на тему «Связи творчества Шакарима с восточной классикой и русской литературой» (г. Казань).

Участие в научно-теоретической конференции по проблемам истории казахской литературы с докладом «Проблемы изучения казахской литературы начала XX века» (г. Алма-Ата).

1990 г. Присуждена премия им. Ч. Ч. Валиханова I степени АН Казахской ССР за монографии «Шокан Уалиханов — филолог», «Чокан Валиханов и русская литература».

Участник международного круглого стола «Культурные контакты на маршрутах великого Шелкового пути: Мир Ясави» в рамках программы ЮНЕСКО «Десятилетнее развитие культуры (1987—1996). Комплексное изучение Шелкового пути — пути диалога», где выступила с докладом «Проблемы изучения „Дивани Хикмет“ Ясави» (г. Туркестан).

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ Ш. Қ. СӘТБАЕВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГТЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева ғылымда, халық-ағарту мен мәдениетте 40 жылға жуық жемісті еңбек етуде.

Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева 1930 жылы 25 шілдеде Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы «Теңдік» ауылында (қазіргі академик Сәтбаев атындағы совхоз) қызметкер семьясында дүниеге келді. Орта білім алғаннан кейін, 1946 жылы ол Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетіне түседі. Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орындарының бірі — ҚазПИде бұл кезде білікті мамандар шоғырланған болатын. Жылда болатын студенттердің ғылыми-теориялық конференцияларында Ш. Қ. Сәтбаева баяндамалар жасап, дискуссияларға, қоғамдық жұмысқа араласады.

1950 жылы институтты үздік дипломмен бітірген Ш. Қ. Сәтбаева аспирантураға қалдырылады, 1951—1954 жылдары Москваның М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқиды. Аспирантурада оқып жүріп, ол өзінің диссертациясын жазумен ғана шектелмей, МГУ-дегі СССР халықтары әдебиеттерінің кафедрасының ғылыми-теориялық жұмыстарына белсене араласады, еліміздің басқа халықтары әдебиеттері қатарында қазақ әдебиеті мол мұра қазына ретінде танылуына атсалысып, ұлт әдебиеттері лекциялық курстарына, семинарларға, консультацияларға қазақ әдебиеті туралы материалдарды орысша дайындасады. Осы кафедра дайындап, студенттерге арналып Москвада 1960 жылы шыққан «Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әде-

биеті» атты оқулықтың қазақ әдебиеті бөлімінің материалдарын Ш. Қ. Сәтбаева дайындаған.

М. В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің филология факультетінің Біріккен Ғылыми Советінде 1954 жылы мамырда Ш. Қ. Сәтбаева «Қазақ көркем прозасындағы индустрияландыру тақырыбы» деген тақырыпта диссертация қорғайды. Сол жылы жас ғалым өзінің өскен ұясы Абай атындағы педагогикалық институтқа оралады, орыс және шетел әдебиеттері кафедрасына жұмысқа алынады, аға оқытушы, доцент қызметін атқарады. Педагогикалық, қоғамдық әрі ғылыми зерттеу жұмыстарын шебер ұштастыра жүріп, Ш. Қ. Сәтбаева осы жылдары көптеген ғылыми мақалалар жариялайды. Әдебиеттер тарихынан лекциялар курсы дайындау, оқу барысында, оны, әсіресе, халықтардың рухани өміріндегі, әдебиеттеріндегі үндестіктер, ұқсастықтар, байланыстар, қатынастар, алмасулар, қазақ әдебиетінің көп ғасырғы тарихы, теориясы, толып жатқан қадыр-қасиеттері, сырқырлары, салыстырмалы филология проблемалары қатты қызықтырады. Жоғары оқу орындарында жыл сайын өткізіліп тұратын профессор-оқытушылар ғылыми-теориялық конференцияларда Шәмшиябану Қанышқызының филология проблемалары туралы баяндамалары жоғары бағаланған. 1962 жылы Ш. Қ. Сәтбаева орыс және шетел әдебиеті кафедрасының доценті деген ғылыми атақ алды.

1965 жылы Шәмшиябану Қанышқызы Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына қызметке ауысады да, бірыңғай ғылыми жұмыстармен шұғылданады. Мұнда ол Институттың әдебиеттер байланыстары бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып жүріп, Москва, Ленинград кітап қорларын, қолжазбаларын күкіят електен өткізеді, туған елі, оның рухани мәдениеті мен әдебиеті туралы Батыс Европа елдерінде сонау ықылым замандардан бері қарай тасқа басылып жазылып қалған материалдарды тауып, жүйелеп, зерттейді. Зерттеу нәтижесінде ол қыруар ғылыми мақалалар жариялайды, «Қазахская литература в оценке зарубежной критики» атты текстер жүйесі көлемді жинақ Ш. Қ. Сәтбаеваның алғы сөзімен «Ғылым» баспасынан 1971 жылы жарық көрді.

Осы жылдары Ш. Қ. Сәтбаева Қазақстандағы филология ғылымында тың проблемалар көтеріп, «XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-европа әдеби байланыстары» атты іргелі зерттеу жазды, осы тақырыпқа 1971 жылы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәреже алу үшін диссертация қорғады.

«XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ — европа әдеби байланыстары» атты ірі монографиялық еңбек «Ғылым» баспасынан 1972 жылы шықты. Онда сонау он үшінші ғасырдан бастап қазіргі кезеңге дейін, яғни сегіз ғасырға жуық мерзім ішіндегі қазақ әдебиетінің Европадағы іргелі әдебиеттермен әр тұстағы, әр сипаттағы байланысының тарихы нақты, байсалды талданып, жүйеленді, ғылыми түйін-тұжырымдармен жинақталды. Қітапта орта ғасырларда қазақ жеріне, оны мекендеген тайпаларға, руларға келген европа саяхатшылары, ғалымдары, жазушылары еңбектеріндегі халқымыз туралы қыруар мағлұматтар, деректер, суреттемелер жүйеленген. Европа халықтарының әдеби мұраларының қазақтарға таныс болу тарихы, қазақ ағартушыларының дүние жүзі әдебиеті нұсқаларына творчестволық қарым-қатынасы, совет дәуіріндегі жан-жақты байланыстар, қазақ әдебиетінің басты-басты романдары мен повестері жайлы шетел баспаларындағы пікірлер — осындай қыруар материалдар мен проблемалар жүйеленіп, халқымыздың рухани өмірінің, әдебиетінің тамаша бір қыры, даму заңдылықтарының бір саласы анықталды. Бұл монография «Дружба народов», «Простор» журналдарында, газеттерде жоғары бағаланды.

1970-шы жылдар бойы Ш. Қ. Сәтбаеваның ғылыми-творчестволық еңбегінің аса бір жемісті кездері болды. Филология ғылымдарының білікті маманы ретінде ол республикалық және Ташкентте, Тбилисиде, Алматыда өткен Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияларда үнемі баяндамалар жасап, секциялар басқарды, Ғылыми Советтердің Мамандандырылған Ғылыми Советтердің, Координациялық бірлестіктер мен бейбітшілік сақтау Комитетінің жұмыстарына белсене араласты.

Ш. Қ. Сәтбаеваның «Әдеби байланыстар» (1974), «Өрнекті өріс» (1977), «Л. Н. Толстой в Казахстане» (1979) атты кітаптары жарық көрді. «Әдеби байланыстарда» негізінде, әдеби алмасулардағы творчестволық тұлғалардың ролі мәселесі сөз етілсе, «Өрнекті өрісте» салыстырмалы әдебиеттанудың кейбір қағидаларына орай қазақ әдебиетінің сыр-сипаттарын кең шеңберде қарастыруға көңіл бөлінген. Қазақ әдебиетінде халықаралық тақырыптың көркемдік игерілуі «Өрнекті өрісте» алғашқы рет зерттелді, сонымен бірге әдебиеттер алмасуларындағы аударманың орны мен маңызы туралы ой-пікірлер тұжырымдалған.

Осы жылдары Ш. Қ. Сәтбаева орыс мектептерінің 9—10 кластарына «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторларының бірі болды. Бұл оқулық 1976 жылдан бері бірнеше рет қайта ба-

сылуда. 14-ші басылуы шықты. Қазақстан жоғары оқу орындары филология факультеттерінің орыс бөліміне арналған алғашқы рет «Қазақ әдебиеті» оқулығы екі автордың жазуымен 1979 жылы жарық көрді, қайта басылды, бұл оқулық орыс бөлімі студенттеріне қазақ әдебиетінің көпғасырғы тарихы туралы жүйелі білім беріп келеді.

1979 жылы Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайлануы ғылымға қосқан мол үлесі кеңінен жоғары бағалануы еді. Қазақ ССР Ғылым академиясының, Ғылым ордасының мүшелігіне сайлануына орай алдын-ала талқылауларда байсалды зерттеушінің филология ғылымына қосқан зор үлесі қазақстандық, москвалық және ұлт республикалар ғалымдары тарапынан жоғары бағалануы үлкен ғанибет болды.

Қазақ мәдениеті мен әдебиеті ешуақытта томаға тұйық қалыпта болған емес, оның даму тарихының, заңдылықтарының тамаша бір қыры — аса сергектік, қадір-қасиеттерін қалыптай дамыта отырып, басқа жақын-алыс елдерде не жақсы, не биік, не терең, не жаңа бар болса, соны тез танып, сыни игеріп, қажетін, керегін өтеуге жарайтыны болса, өзіндік қатынас қалыпты жалғастыра білуі. Халқымыздың осы бір қадір-қасиеттерін, тамаша тағылымын, адамзат мәдениетіне жақындығын ашуды мақсат еткен Ш. Қ. Сәтбаеваның ғылыми-теориялық ізденістері филология ғылымының тағы бір тың, бұрын аз қарастырылған бағытын — қазақ әдебиетінің тарихындағы Шығыс халықтарының әдебиеттерімен көп ғасырғы байланыстары, алмасуларының заңдылықтарын, жолын, сипаттарын зерттеуге арналды. Ол «Қазақ әдебиеті және Шығыс» атты үлкен монографияны орысша жазып, 1982 жылы «Ғылым» баспасынан шығарып, жұртшылық назарына ұсынды. Ғалымның бұл еңбегінде де қазақ әдебиетінің еліміздегі шығыс халықтары және сыртқы Азия елдерінің классикалық әдебиеттерімен байланыстарының көкейкесті проблемалары байыпты зерттелді. Проблема тым қомақты, көпәспектілі болғандықтан зерттеуші негізгі, басты құбылыстарға назар аударады.

Фирдоуси қазақ топырағында, «Мың бір түн», «Панчатантра», оның бір бөлігі «Қалила мен Димна» сюжеттеріне арналған қазақ дастандары, Шығыста көп тараған тақырыптардың бірі — Александр Македонский — Ескендір тұлғасының Абайдың «Ескендір» поэмасында жырлану өзгешеліктері, қазақ прозасындағы шетелдік Шығыс тақырыбы, Шығыс әдебиетінің айтулы алыптары — Фирдоуси, Рудаки, Омар Хаям,

Саади, Хафиз, Жами, Низами, Физули, Навои туындыларының қазақ тіліне аудару, олар туралы қазақ ақын-жазушыларының өлең, баллада, поэма, повесть шығару сырлары; Азия және Африка елдерінің жазушылар ынтымақты қозғалысына қазақ қаламгерлерінің қосқан үлесі — міне «Қазақ әдебиеті және Шығыс» атты кітапта көтерілген материалдар мен оларға байланысты проблемалар. Бұлардың біразы тек Қазақ ұлт әдебиеті ғана емес, басқа шығыс халықтарына да қатысы бар дүниелер. Сондықтан да Ш. Қ. Сәтбаеваның бұл монографиясындағы проблема қойылысы, ғылыми шешімі, түйін-тұжырымдар шығыстанушылар назарын аударды. Монография біздің баспасөзбен қоса бүкілодақтық журналдардың бірі «Советская тюркология» және Тәжікстанда шығатын «Памир» журналында жоғары бағаланды. Осы монографияға жалғаса ғалымның «Достық дастандары» атты зерттеулер жинағы 1983 жылы «Жазушы» баспасынан жарияланды да, алдыңғы монографиясы сияқты жұртшылықты риза етті, бірнеше жағымды рецензиялар, пікірлер басылды.

Ш. Қ. Сәтбаеваның ғылыми-зерттеу ізденістерінің ішінде жұртшылықты қызықтырған тағы бір уақиға болды. Қазақ жері, ондағы тұрғындар туралы өткен ғасырдың отызыншы жылдары Парижде жарық көрген романтикалық поэма — «Владимир мен Зараны» ғалым тауып, зерттеп, дәлме-дәл аудартып, алғысөз жазып, қазақ тілінде «Жазушы» баспасынан шығарды. Ш. Қ. Сәтбаева ұлы ғалым Ш. Ш. Уәлихановтың ұланғайыр мұрасының бірсыпыра шешілмей жатқан проблемаларын, әсіресе, филологияға қатысты жағын озық орыс мәдениеті мен әдебиетімен, Батыс-Шығыс халықтарының ой-жүйелерімен үйлестігін зерттеумен шұғылданды. Ш. Уәлихановтың қазақ әдебиеті туралы еңбектері, қырғыз әдебиеті — зерттеу нысанасы, Шығыс әдебиетінің кейбір нұсқалары туралы ғалым пікірлері, орыс әдебиетімен көпқырлы байланыс, оның еңбектеріндегі антикалық әдебиетінің көркемдік бейнелері қолданылу ерекшеліктері, батыс-европалық ойшылдары мен жазушыларына ықылас-ілтифат. Шоқан Уәлиханов революциядан бұрынғы орыс және шетел баспасөзінің бағалауында сияқты проблемалар зерттелді.

Ш. Қ. Сәтбаеваның Ш. Ш. Уәлиханов туралы байсалды салихалы фундаменталдық, монографиялық зерттеулері «Шоқан Уәлиханов — филолог» деген атпен «Ғылым» баспасынан, «Чокан Валиханов и русская литература» делініп «Жазушы» баспасынан 1987 жылы жарық көрді. Осы еңбектері

үшін Ш. Қ. Сәтбаеваға Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлығы берілді.

1987 жылы Ш. Қ. Сәтбаева Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының әдебиеттер тарихы бөлімінің меңгерушісі болды. Академия құрамындағы ең бір байырғы, ертеде құрылған, өзіндік тарихы, дәстүрі бар бұл бөлімнің ғылыми бағыты Шәмшиябану Қанышқызына бұрыннан танысты, туған әдебиетің көтерілмей, зерттелмей жатқан проблемалары, қопарылмай жатқан қайнарлары ашылуы қажетті. Шәмшиябану Қанышқызы әдебиет тарихы бөлімін меңгеруші қызметіне келісімен көп ұзамай, «Проблемы изучения творческого наследия Абая Кунанбаева» (Известия АН КазССР, серия филологич, 1988, № 3), «Абайды танып болдық па? (Социалистік Қазақстан, 1988, 9 июль) деген ғылыми мақалалар жазып, абайтануға шолу жасай отырып, енді зерттелуге тиіс проблемаларына тоқталды.

Шәмшиябану Қанышқызы Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі мен XV—XVII ғасырлардағы тарихын игеру жоспарлары мен проспектісін жасап, бөлімде үлкен текстологиялық жұмыспен зерттеуді ғылыми жүйеде жүргізуді басқарып келеді. VII—IX ғасырлардағы ежелгі жазбалар. Жүсіп Баласағунидің «Құдатғу-білік», Махмут Қашғаридің «Диуани лұғат-ат түрк», Яссауидің «Диуани хикмет», Иугнекидің «Хибат-ул-хакаик» тағы басқа жалпытүріктік ортақ ескерткіштерді олардың қазақ әдебиетіне қатысы зерттеле бастады.

Елімізде қоғам жаңаруы, әділет орнауы филология дамуына да игі әсер етуіне байланысты, 1980 жылдардың екінші жартысында қазақ тарихына, мәдениеті мен әдебиетінде «ақтандақтар» ашылуы, тарихқа бір топ талантты ақын-жазушылар мұрасы қосылуы ғылыми зерттеулер бағытын да толықтыра түскені мәлім. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтың творчестволық мұрасын зерттеу комиссиясының құрамына Ш. Қ. Сәтбаева да енгізілді. Бұл жоғары тапсырманы орындауда Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов творчестволық мұрасын мұқият зерттеп, комиссия шешіміне негіз боларлық материалдарды жүйелеуге, қабылдауға ғалым атсалысты, өзіндік үлес қосты. Кешікпей-ақ алдымен Шәкәрім Құдайбердиев туралы мақалалары жариялана бастады, ол ақынның таңдамалы шығармаларының жинағын баспаға әзірлеу, шығару жұмысын басқарды,

жазушы творчествосының негізгі кезеңдері мен мән-мазмұнын талдаған кіріспе ғылыми мақала, қосалқы автормен бірге жазды, болашақ зерттеу бағыттарын анықтады, «Шәкәрім Құдайбердиев» атты зерттеуі қазақша жарияланды, орыс тілінде «Шакарим Кудайбердиев» атты монографиясы «Ғылым» баспасынан шықты.

Сол сияқты Ш. Қ. Сәтбаеваның басқаруымен және көлемді алғысөзімен Ахмет Байтұрсыновтың көпқырлы мұрасының бірі — әдеби шығармалары жедел түрде «Жазушы» баспасынан 1989 жылы шықты, Ш. Қ. Сәтбаева басқарып отырған әдебиеттер тарихы бөлім Ахмет Яссауидің, Мұрат Мөңкеұлының, Ыбырай Алтынсариннің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Міржақып Дулатовтың, Ғұмар Қарашевтің, Нарманбет Орманбетовтың шығармаларын ғылыми түсініктермен, баспаларға әзірледі.

Ш. Қ. Сәтбаеваның ғылыми мақалалары бүкілодақтық «Советская литература», «Советская тюркология», «Вопросы литературы» және «Өзбекстандағы қоғамдық ғылымдар» журналдарында басылды, неміс, ағылшын тілінде шығарылды. Москвада жыл сайын шығып тұратын, бүкіл әлемде әр жыл бойы не жаңалық болғанын жүйелеп басатын «Ежегодник» кітабының Қазақ ССР-індегі көркем әдебиет пен әдебиеттану бөлімшесін Ш. Қ. Сәтбаева жиырма жылға жуық жазып келеді.

Ш. Қ. Сәтбаева дүниежүзілік және Бүкілодақтық ғылыми жиындарда — ССРО-дағы социализм құрылысының проблемалары және оның халықаралық маңызына арналған Халықаралық конференцияда (Ташкент, 1972), А. С. Пушкин және ССРО халықтары әдебиеті (Тбилиси, 1974), көпұлтты совет әдебиетіндегі көркемдік ізденістер (Алматы, 1977), Бүкілодақтық II, III, V тюркологиялық конференцияларда (Алматы, 1976; Ташкент, 1980; Фрунзе, 1988), Ұлт тілдері мен әдебиеттерінің өзара байланысы және олардың дамуының заңдылықтары жөнінде (Қазан, 1989) — конференцияларда баяндамалар жасады.

Ол Қазақ ССР Ғылым академиясы қоғамдық ғылымдар бөлімшесі жанындағы «Қазақ әдебиеті проблемалары жөніндегі үйлестіру советінің», М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған ғылыми советтің мүшесі, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті жанындағы кандидаттық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған ғылыми совет председателінің орынбасары, Қазақ ССР Энциклопедиясының бірнеше томының авторларының

бірі, бірнеше томына редакторлық совет мүшесі, «Қазақская ССР» энциклопедиясының орысша 3 томының редколлегия мүшесі, бірнеше ғылыми кітаптардың жауапты редакторы, редколлегия мүшесі, «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Филологиялық серия» журналының редколлегия мүшесі.

Шәмшиябану Қанышқызы аспирантура арқылы филология саласынан мамандар дайындауға көп күш салуда, оның ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациялар қорғаған мамандар республикамыздың жоғары оқу орындарында айтарлықтай еңбек етуде, туысқан республикалар мамандарының да докторлық, кандидаттық диссертацияларының бірнеше рет оппоненті, рецензенті болды.

1990 жылы Ш. Қ. Сәтбаеваға «Шоқан Уәлиханов — филолог», «Чокан Валиханов и русская литература» монографиялары үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Филология ғылымын дамытуға қосқан үлесі мен ғылыми педагогикалық кадрлар дайындаудағы зор еңбегі үшін Ш. Қ. Сәтбаева Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Б. Б. МАМЫРАЕВ,
филология ғылымдарының
кандидаты

**КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ,
ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЧЛЕНА-КОРРЕСПОНДЕНТА
АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР
Ш. К. САТПАЕВОЙ**

Около 40 лет плодотворно трудится на ниве науки, просвещения и культуры Шамшиябану Канышевна Сатпаева — известный ученый, педагог, член-корреспондент Академии наук Казахской ССР, доктор филологических наук, профессор, лауреат премии имени Чокана Валиханова I степени Академии наук КазССР.

Ш. К. Сатпаева родилась 25 июля 1930 г. в совхозе «Тендик» (ныне совхоз им. К. И. Сатпаева) Баянаульского района Павлодарской области в семье служащего.

После окончания средней школы в 1946 г. поступила на филологический факультет Казахского государственного педагогического института им. Абая, где в послевоенные годы трудились лучшие научно-педагогические кадры страны.

В 1950 г. Ш. К. Сатпаева с отличием окончила АГПИ им. Абая и была направлена в аспирантуру Московского государственного университета им. М. В. Ломоносова. В годы учебы в аспирантуре активно участвовала в научно-теоретических работах кафедры литературы народов СССР при филологическом факультете МГУ им. М. В. Ломоносова, собрала и систематизировала материалы по казахской литературе для учебника «Литература народов Средней Азии и Казахстана», который вышел в 1960 г. в Москве.

В 1954 г. после защиты кандидатской диссертации на тему «Тема индустриализации в казахской художественной прозе», пришла на кафедру русской и зарубежной литературы КазПИ им. Абая. Здесь она прошла путь от старшего преподавателя до члена ученых советов института, в том числе по присуждению ученых степеней и званий. Умело сочетая педагогическую, научную и общественную работу, Ш. К. Сатпаева в эти годы публикует немало статей по тем или иным проблемам филологической науки, выступает с научными докладами

на ежегодных научно-теоретических конференциях профессоров и преподавателей. В 1962 г. ей было присуждено ученое звание доцента кафедры русской и зарубежной литературы.

В 1965 г. Ш. К. Сатпаева перешла на работу в Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова АН Казахской ССР. Здесь она успешно исследовала историю и закономерности развития казахской литературы, ее взаимоотношения с литературами народов СССР и зарубежных стран. Результатом этой работы стал уникальный сборник с большим предисловием «Казахская литература в оценке зарубежной критики».

В 1971 г. Ш. К. Сатпаева защитила докторскую диссертацию на тему «Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века», которая получила высокую оценку ученых-обществоведов. Монография на эту тему, опубликованная в 1972 г., представляет собой фундаментальное научное исследование по истории казахско-европейских литературных связей. В книге впервые вводится в научный оборот богатый материал, касающийся одной из важных страниц истории казахской литературы, и содержится немало новых трактовок проблем связей национальной литературы с литературами других народов. Монография получила высокую оценку в журналах «Дружба народов», «Простор».

В 1970-х гг. Ш. К. Сатпаева достойно представляла филологическую науку Казахстана на нескольких всесоюзных тюркологических, научно-теоретических конференциях по актуальным проблемам литературоведения. В эти годы выходят ее книги «Литературные связи», «Грани темы», «Л. Н. Толстой в Казахстане».

Одновременно под ее руководством создаются стабильные учебники «Казахская литература» для 9—10-х классов русских школ и для студентов русского отделения филологических факультетов вузов Казахстана.

В 1979 г. Шамшиябану Канышевна была избрана членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР.

В 1980-е гг. она отдала немало сил исследованию истории казахской национальной литературы. Результатом этой работы стала фундаментальная монография «Казахская литература и Восток», вышедшая в 1982 г. Обширность темы побудила автора ограничиться обозначением некоторых линий, связывающих казахскую литературу с отдельными художественными памятниками народов Востока. «Шахнаме» Фирдоуси на казахской почве; появление оригинальных поэтических

произведений на сюжеты «Тысячи и одной ночи», «Панчтантры» («Пятикнижие»); трактовка Абаем Кунанбаевым популярной на Востоке темы об Александре Македонском — Искандере; тема зарубежного Востока в казахской прозе; переводы на казахский язык таких восточных классиков, как Рудаки, Саади, Джамии, Омар Хайям, Хафиз, Низами, Навои; анализ стихов, баллад, поэм казахских поэтов о них; участие казахстанских литераторов в движении писателей стран Азии и Африки — вот круг проблем истории развития казахской литературы в контексте взаимоотношений литератур. Монография была высоко оценена в республиканской печати и в журналах «Советская тюркология» и «Памир». Вслед за этой увидела свет и другая книга Ш. К. Сатпаевой «Добрая традиция» (1983 г.), которая также получила ряд положительных отзывов специалистов.

В эти же годы она тщательно исследовала уникальную поэму о жизни русского ссыльного в казахских аулах «Владимир и Зара, или о киргизах» (казахах. — Б. М.), изданную в 1836 г. в Париже. С предисловием Ш. К. Сатпаевой поэма впервые была издана в 1988 г. в переводе на казахский язык.

Неисследованные грани огромного наследия Ч. Ч. Валиханова, в частности, труды его о казахском фольклоре, об истории и литературе киргизского народа, суждения о классических памятниках некоторых народов Востока, богатые связи с русской культурой и литературой, научный подход ученого к ряду проблем ее истории, оценка трудов Валиханова в дореволюционной русской и зарубежной печати — все это составляет содержание монографий Ш. К. Сатпаевой «Шокан Уалиханов — филолог» и «Чокан Валиханов и русская литература». За эти работы Ш. К. Сатпаева была удостоена в 1990 г. премии имени Ч. Ч. Валиханова I степени Академии наук Казахской ССР.

С 1987 г. Ш. К. Сатпаева стала заведовать отделом истории казахской литературы Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Казахской ССР. в работе которого она до тех пор постоянно участвовала. Первые работы в этом отделе «Проблемы изучения наследия Абая Кунанбаева» (Известия АН КазССР. Серия филологическая. 1988. № 3) и «Абайды танып болдык па?» (Социалистік Қазақстан. 1988. 9 июля) были посвящены подведению итогов абаеведения и перспективе дальнейшего изучения наследия классика.

Ею разработаны планы исследования истории казахской

литературы древнего периода и XV—XVIII веков. Под ее руководством в отделе ведется большая текстологическая работа по восстановлению словесных памятников далекой древности. Началось изучение и издание с комментариями с выявлением причастности к казахскому художественному мышлению общих для тюрков древних памятников орхоно-енисейской письменности VI—IX веков, «Кудатгу билик» Жусупа Баласагуни, «Диуани лугат ат-турк» Махмуда Кашгари, «Диуани хикмет» Яссауи, «Хибатул Хакаи» Иугнаки и других. Кроме того, под ее руководством подготовлен коллективный сборник «Казахская литература начала XX века», который раскрывает закономерности развития литературного процесса в целом в этот период.

Когда в условиях обновления советского общества, восстановления справедливости при ЦК КП Казахстана была создана Комиссия по изучению творческого наследия Ш. Кудайбердиева, М. Жумабаева, А. Байтурсынова, Ж. Аймаутова, М. Дулатова, ученый Ш. К. Сатпаева приняла активное участие в научном исследовании их огромного наследия. Особенно ее интересовало творчество выдающихся деятелей культуры и литературы Шакарима Кудайбердиева и Ахмета Байтурсынова. В 1988 г. при ее участии были изданы «Избранные произведения» Ш. Кудайбердиева. Ей принадлежит ряд научно-теоретических статей по проблемам творчества Ш. Кудайбердиева. В 1990 г. вышла в свет книга Ш. К. Сатпаевой о нем на казахском языке. В настоящее время готовится к изданию монография «Шакарим Кудайбердиев» на русском языке.

В 1989 г. увидела свет книга «А. Байтурсынов. Литературное наследие» с большим предисловием Ш. К. Сатпаевой, в котором не только раскрыты жизненный путь, содержание и значение его наследия в истории культуры, но и намечены направления и проблемы дальнейшего научного изучения. Отдел истории литературы, возглавляемый Ш. К. Сатпаевой, подготовил к печати с научными комментариями произведения Ахмета Яссауи, Мурата Монкеулы, Ибрая Алтынсарина, Машур-Жусупа Копеева, Мирякупа Дулатова, Гумара Карашева, Нарманбета Орманбетова.

Научные статьи Ш. К. Сатпаевой печатались во всесоюзных журналах «Советская литература», «Советская тюркология», «Вопросы литературы» и в республиканском журнале «Общественные науки в Узбекистане», переводились на английский, немецкий языки. Вот уже около 20 лет она ведет

подраздел «Художественная литература и литературоведение» раздела «Казахская ССР» в популярном «Ежегоднике» БСЭ.

Ш. К. Сатпаева выступала с научными докладами на различных международных и всесоюзных конференциях — на международной конференции по проблемам строительства социализма в СССР (Ташкент, 1972); на всесоюзных конференциях «А. С. Пушкин и литература народов СССР» (Тбилиси, 1974); «Художественные искания многонациональной советской литературы» (Алма-Ата, 1977), II, III, V Всесоюзных тюркологических конференциях (Алма-Ата, 1976; Ташкент, 1980; Фрунзе, 1988); «Закономерности развития и взаимодействия национальных языков и литератур» (Казань, 1989).

Она — член координационного Совета по проблемам истории казахской литературы при Отделении общественных наук Академии наук Казахской ССР, член специализированного Ученого совета по защите докторских диссертаций при Институте литературы и искусства имени М. О. Ауэзова АН КазССР, заместитель председателя специализированного Ученого совета по защите кандидатских диссертаций при Казахском педагогическом университете им. Абая.

Ш. К. Сатпаева — постоянный автор и член редсовета нескольких томов КСЭ, член редколлегии III тома КСЭ «Казахская ССР» на русском языке, ответственный редактор и член редколлегии нескольких научных трудов, член редколлегии научного журнала «Известия АН КазССР. Серия филологическая».

